

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ақсу қаласы Қалқаман селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы "Ақсу қаласы Қалқаман селолық округінің Ақжол ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/02 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Қалқаман селолық округі әкімінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 1-03/13 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 қарашада № 6103 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Ақсу қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 27 шілдедегі № 2-19/695 ұсынымы негізінде, Қалқаман селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Қалқаман селолық округінің Ақжол ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізумен байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақсу қаласы Қалқаман селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы "Ақсу қаласы Қалқаман селолық округінің Ақжол ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03/02 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5772 болып тіркелген, 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалқаман селолық

округінің әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақсу қалалық қоғамдық

денсаулық сақтау басқармасы"

республикалық мемлекеттік

мекемесінің басшысы

2018 жылғы "01" қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақсу қаласының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекеме басшысы

2018 жылғы "01" қараша

А. Кенжебаев

А. Жалелов

Д. Нұржанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауылшаруашылығы министрлігінің

ветеринариялық бақылау және қадағалау

Комитетінің Ақсу қалалық

аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекеменің басшысы

Ғ. Батаев

2018 жылғы "01" қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК